



Бекітемін:
ЖШС «Жарылқасын»
бөбекжай-балабақша
меңгерушісі :
У.Бектыбаева

31.08.2022ж

**ЖШС «Жарылқасын» бөбекжай балабақшасы
МАД «Бәйтерек » тобының
2022 –2023 оқу жылына арналған**

Қазақ-тілі маманының күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Қазақ тілі маманы: Б.Байтемирова

Қазақ тілі оқытушысының күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Білім беру ұйымы ЖШС «Жарылқасын» бөбекжай балабақшасы

Топ: «Бәйтерек» мектепалды топ

Балалардың жасы: 5 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы.

№	ҰОҚ тақырыбы	ҰОҚ мақсаты	Сөйлеуді дамыту тараптары	Сөздік жұмыс	Құрал-жабдықтар	Ойын мен жаттығулар	Сағат саны	Күні
1	"Балабақшамен танысу. Ойыншықтар әлемі".	Тәрбиеленушілерді амандасу, қоштасу кезінде қолданылатын сөз тіркестерімен таныстыру; үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуге, қарым-қатынас барысында әдептілік сөздерін қолдана білуге дағдыландыру; ойыншықтардың түрлері мен атауларын ажырата білуге бейімдеу; [ә], [ө] дыбыстарымен таныстыру, сөздер мен сөз тіркестеріндегі ә,ө дыбыстарын дұрыс дыбыстауды үйрету; ұқыптылыққа, қамқорлыққа, достық қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"Сәлем!", "Сәлеметсіз бе!", "Сау болыңыз!", "Менде мынандай бар", "Сенде не бар?", "Кел, ауысайық", сияқты сөз тіркестерімен және Абдрахман Асылбектің ойыншықтарға арналған өлеңдерімен таныстырып, жаттату арқылы сөздік қорларын байыту, ойыншық атауларын қайталата отырып айтылым дағдыларын дамыту.	Ырғақты көңілді әуендердің аудионұсқасы. Интерактивті тақта немесе көрнекіліктерге арналған тақта, нұсқау таяғы. Карточкада бейнеленген суреттер топтамасы. Демонстрациялық суреттер: қуыршақ, конжық, құлыншақ, жүк көлігі, әтеш (әтештің суретін көрсеткен кезде "Ә" әрпінің де бейнесі бірге шығып тұрады, басқа әріптерге қарағанда "ә" әрпі ерекшеленіп қызыл түске боялып тұрады), барби қуыршағы, ұшак, робот, мотоцикл, өрт сөндіргіш көлік ("ө" әрпі бірге көрсетіледі, ерекшеленіп тұрады), өрмекші адам ("ө" әрпі бірге көрсетіледі, ерекшеленіп тұрады), пони, доп,қоян,садақ. Мұғалім тақпақта кездесетін ойыншықтар атауын орнында тұрып немесе әртүрлі жерге іледі,	Суретке негізделген қарапайым сөйлем құрастыруға арналған ауызша жаттығу. "Мен ойыншықпен ойнаймын". "Ойыншықтар дүкені" ойынына негізделген ойыншықтар туралы өлеңдерді жаттатуға арналған ауызша жаттығу. Ойыншықтармен ойнау ережелерін сақтауға негізделен ауызша ырғақты жаттығу. "Ойыншықтарды шашпаймыз". Рөлдік ойын негізінде қарапайым диалогтерге арналған ауызша жаттығу. "Кел,ауысайық". Есту арқылы қабылдау дағдыларын қалыптастыратын ойын жаттығуы. "Бесік жыры".	1	05.09.2022ж

					жабыстырады. Демонстрациялық суреттер: арыстан, күшік, кой, піл, көжек, ұшак. Абдрахман Асылбектің өлеңінде суреттелетін ойыншықтардың бейнесі			
2	"Сауат ашу және жазу. Дыбыстар мен әріптер".	Балалармен сауат ашу әлеміне саяхат жасау арқылы дыбыстар мен әріптер туралы түсінік беру, оларды бір-бірінен айыра білуге үйрету және дыбыстау арқылы әріптерді айтқыза отырып, әріп сырын ұғындыру. Балаларға сөйлем туралы түсінік беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру, қаламмен жазуды үйрету. Балаларды балабақшаның тыныс-тіршілігімен таныстыру. Сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Баланың зейінін арттыру, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту; ұғымталдыққа, әдептілікке, тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"Сөз, дыбыс, әріп, әліпби, қуыршақ, көлік сөздерін, сөздерін қолданып, артикуляциялық гимнастиканы, Н.Жанаевтың «Еңбек» өлеңін жаттату арқылы сөздік қорларын байыту, дамыту.	Суреттерді көрсетуге арналған интерактивті тақта, музыка тыңдауға арналған магнитофон, суреттер, үлестірмелі карточкалар, жұмыс дәптері, қалам, қарындаш, әліпби, ойыншықтар.	Әліппемен танысу. "Кім көп біледі?" ойыны. Сергіту сәті "Бақшамызға барамыз". Дидактикалық ойын "Дыбысты ата". Саусақ жатығуы "Сөздер". "Ойыншықтар" дамыту ойыны.	1	07.09.2022ж
3	"Отбасы мүшелері".	Балалардың отбасы мүшелері мен туыстары туралы білімдерін дамыту және толықтыру, "отбасы" туралы ұғымдарын кеңейту; қ дыбысымен таныстыру, сөздер мен сөз тіркестеріндегі қ дыбысын дұрыс дыбыстауды үйрету; отбасы мен туыстық атауларды қазақ тілінде түсіну, айту, қолдануға дағдыландыру; айтылым, тыңдалым және еркін диалогке түсу қабілеттерін дамыту; отбасы мүшелері мен жақындарыне деген сүйіспеншілік пен мейірімділікке тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорларына "үлкен", "кіші", "туыстар", "аға", "әпке" сияқты сөздерді енгізіп, "ана", "әке", "әжетай", "анашым", "әкешім" сынды отбасы мүшелерінің атаулары арқылы айтылым дағдыларын жандандыру; "отбасы" тақырыбындағы сұрақтарға толық жауап беру арқылы тілдерін байыту.	Ырғақты әуендер. Отбасы суреті. Демонстрациялық суреттер, карточкалар: әке, ана, әже, ата, қарындасы, ағасы, інісі. Отбасы ағашының үлгісі. Отбасы ағашының толтырылған нұсқасы. Туыстардың суреті. Суреттер: көп ақша салынған әмиян; джип машинасы; сарай; қораптағы зергерлік бұйымдар; отбасылық фотосурет. Сурет: барлық суреттер сызылады, отбасының	Суреттер мен өлеңдерге негізделген сөздік жұмыс. "Отбасы". Жұмбақты мәнерлеп оқу. "Отбасында кімдер бар?" Жұмбақ пен зияткерлік карта негізінде "отбасы" ұғымын модельдеуге арналған ауызша жаттығу. Педагог балаларға "Отбасы" тақырыбындағы отбасы ағашының "Қ дыбысымен таныстыруға арналған ауызша жаттығу. Отбасы мүшелерін еркелетіп атауды үйретуге арналған жаттығу. "Бес бармақ".	1	12.09.2022ж

					суреті ғана қалады. Отбасы мүшелерінің суретін орналастыруға арналған бос дөңгелектері бар отбасы ағашы бейнеленген таратпа беттер. Тәрелкеге немесе қорапқа салынған отбасы мүшелері бейнеленген дөңгелек фишкалар.	Интеллектуалды карта негізінде жеке құрастыруға арналған ауызша және практикалық жаттығу. "Менің отбасым". Мәтін мен зияткерлік карта негізінде "туыстар" ұғымын қалыптастыратын, үйрететін ауызша жаттығу. "Туыстар". Есте сақтау қабылеттерін дамытатын жаттығу. "Есте сақтайық": "Менің отбасым - менің байлығым".		
4	"Тіл бірліктері (буын, сөз, сөйлем). Отбасы мүшелері".	Өзінің аты, жөні, тегін атау; ата-анасының, бауырлары мен әпкесіңілдерінің атын атау; өзінің туған күнін атау; отбасыдағы өзінің міндеттерін атау және орындау; біртіндеп сөзді тұтас, дұрыс, түсініп оқуға дағдыландыру; ауызша және жазбаша тілін дамыту арқылы сөйлеу әрекеттерін жетілдіру; оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту; тыңдау-түсіну, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру; балаларға сөйлем туралы түсінік беру; суретке қарап сөйлем құрау; блаларды ұғымталдыққа, әдептілікке тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Ата, ана, аға, апа, іні, отбасы, сөйлем сөздерін айтқызып сөздік қорларын байыту артикуляциялық гимнастика көмегімен сөйлеу дағдысын жетілдіру.	Суреттерді көрсетуге арналған интерактивті тақта, әуен тыңдауға арналған үнтаспа, суреттер, көк, қызыл ойынтастар, айна, карточкалар; әліппе-дәптер, суреттер, жұмбақтар, буындар, ойыншықтар, түстері әр түрлі, мөлшерлері бірдей екі машина, аю, қуыршақ, кубик, доп, (әдемі қорапша (себет)) мүмкіндігінше айқын болғаны жөн, қатты қағаздан ақ жалауша. "Үлестірмелі құралдар" ақжоллақшалар (1,5 x 5) әр үстелде жеткілікті мөлшерде болуы керек.	Шаттық шеңбері. "Біз балдырған баламыз". Тыныштық сәті. Жұмбақ жасыру «Отбасы». "Тынымсыз Тіл тып-тыныш" әні. Саусақ жаттығуы: "Өрмелеген өрмекші". Жұмбақ жасыру (үлестірмелі кима-қағаздармен жұмыс). Сергіту сәті. "Үйде нешеу екенбіз". Жаңа тақырыпты түсіндіру. "Сөз дыбыстан құралады". "Кім көп біледі?" ойыны. "Сөз жарысын" жаттығуы. "Кім көп сөз ойлайды?" ойыны. Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған әзіл жаңылтпаштар. «Шана» сөзін буынға бөлу. Сюжеттік-рөлдік ойын: «Біздің отбасымыз».	1	14.09.2022ж
5	"Уақыт. Күн тәртібі	Балалардың күннің бөліктері туралы	Сөздік жұмыс.	Сөздікке "тәулік",	Бірғақты әуендердің	Амандасу жаттығуы.	1	19.09.2022ж

	және тәулік бөліктері".	білімдерін кеңейту, күндер, күн тәртібі туралы тұрақты түсінік қалыптастыру; уақыт ұғымын нақтылау, уақытпен санасу қажеттілігін көрсету; "ү" әрпінің дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру; халық шығармашылығының үлгілерімен, уақыт туралы мақал-мәтелдермен таныстыру; уақыт пен күн тәртібіне сәйкес іс-әрекеттері бар суреттерді таңдауда, белгілі бір оқиға туралы қарапайым сөйлемдер құруда өз бетінше жұмыс жасай алу дағдыларын дамыту.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"күн тәртібі", "уақыт өлшемдері" сияқты сөздер мен сөз тіркестерін енгізу, оларды қатыстырып сөйлем құрастыру арқылы жаңа сөздерді жандандыру.	аудиожазбасы. Бірнеше тақталар, интерактивті тақта, нұсқау таяғы. Тәулік бөліктеріндегі уақыт қозғалысы туралы бейнеролик. Демонстрациялық суреттер: күннің төрт бөлігі. Күннің төрт бөлігінің күйін көрсететін суреттер: күннің шығуы, түскі уақыт, күннің батуы, түн. Сурет схемасы: күннің бөліктерін көрсететін төрт бөліктен тұратын шеңбер Тәулік бөліктерінің карточкалары: таң, күн, кеш, түн. Суреттер: тәуліктің белгілі бір бөлігіндегі әрекеттерді көрсететін суреттер. Схема сурет: күн тәртібіндегі әрекеттер кезекпен орналасқан суреттер. Карточкаларды салуған арналған төрт қорап. Жаттығу қимылдары бейнеленген карточкалар. Сурет схемасы: 12 бөлікке бөлінген, біреуі ғана қызылға боялған жасыл шеңбер.	Жұмбақтар мен суреттерге негізделген сөздік жұмыс. "Күннің бөліктері". Бейнематериал негізінде мәнерлеп оқу. "Ү" әрпімен танысу. Көркем сөз. "Уақыт". Дыбысты-ырғақты санамақ. "Таң, күн, кеш, түн". Жалпы ұғымдарды қалыптастыруға арналған ауызша жаттығу. "Күн тәртібі". Қимылға негізделген ауызша жаттығу. "Мен, сен, ол, және біз". Өз бетімен сөз тіркестері мен сөйлем құрастыру дағдыларын дамытуға арналған ауызша тәжірибелік жаттығу. "Қай уақытта орындаймыз?" Есте сақтауға арналған ауызша жаттығу. "Есте сақтаймыз".		
6	"Дауысты дыбыстар. Жуан және жіңішке дыбыстар".	Артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дыбыстардың дауысты, жуан және жіңішке дауыстылар болып бөлінетіні туралы түсінік беру. Есту, айту арқылы дыбыстарды түрлеріне	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Дауысты дыбыс, жуан және жіңішке дыбыс деген сөздерді қолдана отырып, балалардың сөйлеу	Ырғақты әуендердің аудиожазбасы, бірнеше тақталар, интерактивті тақта, нұсқау таяғы, дауысты дыбыстар, жуан	Ертеңгілік шеңбері. "Қол алысып, қәне, біз". Артикуляциялық гимнастика «Кесе». Топтық жұмыс: "Дауысты	1	21.09.2022ж

		қарай ажырата білуге үйрету; ертегі тыңдатып, қиялдарын дамыту, ой-өрістерін кеңейту; сөздер мен дыбыстарды дұрыс айтуға даярлау және артикуляциялық аппараттарын дамыту; білуге деген құштарлықтарын арттыру; балаларды ұқыпты, таза, көркем жазуға дағдыландыру.	Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	тілін, сөздік қорларын байыту, жалпы ой-өрісін дамыту	және жіңішке дыбыстар бейнеленген карточкалар; ұл және қыз қуыршақтары; тоназытқыш, жылқы, жарқанат, бұлт найзағай, найзағай, жаңбыр, кемпірқосақ, күн, қар суреттері, кесте сызықтар. Бала санына байланысты жұлдызшалар, құрастыратын суреттер, карточкалар, қаламсаптар.	және дауыссыз дыбыстар". Тәжірибе жұмысы: «Әріптен сөз құра». Көркем жаз «Шапалақ пен бас аяқ» «Суретті құрастыр» жаттығуы. "Көлеңке" сергіту сәті. Жуан және жіңішке дыбыстарды ажыратуға арналған жаттығу. «Қуыршақтардың есімі» дидактикалық ойыны. Карточкамен жұмыс: "Мақал-мәтелдегі жуан және жіңішке дауысты сөздерге сипаттама бер". Саусақ жаттығуы «Достық». Жазылым жұмыстары. Сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған ауызша жұмбақ жасыру, ойын тапсырмалары, мақал мәтелдер айту жаттығуы. «Сиқырлы қорапша» Ойын: «Сергіту». Ойын: «Ауа райының өзгерістерін тап». «Табиғат туралы мақал мәтелдер айту».		
7	"Менің Отаным - Қазақстан. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері".	Балалардың Қазақстан Республикасының рәміздері туралы білімдерін, "Отан" ұғымын кеңейту, Қазақстанның табиғи байлықтарын насихаттау; "і" әрпімен таныстыру, дыбысталу ерекшелігіне бейімдеу; Қазақстан жайлы өлеңдермен, Отан туралы мақал-мәтелдермен таныстыру; балаларды елтаңбаның және тудың бейнесіндегі ерекшеліктерді ажырата білуге және есте сақтауға үйрету; зат	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздікке "ата-баба", "саяхат" сөздерін енгізу, сөздікті "кең дала", "асқар таулар", "ұзын өзендер", "көк теңіз", "ыстық шөл", "орман мен тоғайлар", "жарқын күн" сөз тіркестерімен және "Отан - елдің анасы" мақалымен	Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранының аудиожазбасы. Ырғақты әуендердің аудиожазбасы. Демонстрациялық сурет: дос балалар. Басты нышандары көрсетілген Қазақстан жайлы бейнеролик.	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындау. М.Мақатаев "Отан" өлеңін оқу. Суреттер мен сұхбаттар негізінде "Қазақстанның мемлекеттік рәміздері" ұғымын визуализациялау бойынша ауызша-	1	26.09.2022ж

		есім мен сын есім бар сөз тіркестерін құрастыру, оларды түрлендіріп қолдануға дағдыландыру; балаларды отансүйгіштікке, бірлікке тәрбиелеу.		жандандыру.	Демонстрациялық суреттер: Қазақстанның елтаңбасы, Қазақстанның мемлекеттік туы. Суреттер жиынтығы. Ою-өрнегі бар заттардың суреттері: киіз, ою-өрнегі бар киім, ою-өрнегі бар ыдыс, сырға, білезік және ою-өрнегі бар тұмар. Қазақстан туралы өленді оқуға арналған суреттер. Жұп карточкалар. Қазақстанның түрлі-түсті картасы, бірақ ландшафтсыз, картадағы нысандарсыз. Барлық ландшафтық нысандармен толтырылған Қазақстан картасы. Қазақстанның табиғи ландшафтары бейнеленген картаға арналған суреттер: таулар, өзен, теңіз, шөл, орман, дала, көл.	логикалық жаттығу. Ауызша жаттығу. "Досын табыста". Мәнерлеп оқу. "Менің Отаным"" "Менің Отаным" өлеңін мәнерлеп оқу негізіндегі ырғақты жаттығу. Жұптастырылған карточкалармен жұмыс. "Г" әрпімен танысу. "Қазақстан" ұғымын топтық модельдеу бойынша сөздік-практикалық жаттығу. Есте сақтауға арналған ауызша жаттығу. "Есте сақтайық": "Отан -елдің анасы".		
8	"Менің Отаным - Қазақстан. А, Ә дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)".	Балаларды "А-Ә" дыбыстарымен, "А а - Ә ә" әріптерімен таныстыру. "А-Ә" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. "А-Ә" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "А-Ә" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	А дыбысы, Ә дыбысы, баспа түрі, жазба түрі. Өтеш, бәйшешек, жаға, ұшак, әткеншек, әпке, әке, сәбіз, дәрі, ән, әңгіме, айна, аю, ат арба, асхана сөздерін қолдана отырып, балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорларын байыту, жалпы ой-өрісін дамыту.	Интерактивті тақта, таяқша, А-Ә дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, текшелер, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, ойыншықтар, магнитті тақта, үлестірме материалдар. «Менің Отаным – Қазақстан» кітабы. Елбасы суреті, Қазақстан Республикасының картасы, рәміздері,	Шаттық шеңбер: «Біз көңілді баламыз». Артикуляциялық жаттығулар: "Ән", "Дуал", "Жалпақ тіл", "Сағат", "Жоғары - төмен,"«Пя – пия - пия" , "Тісімізді тазалайық". Кіріспе әңгімелесу: "А дыбысы". Сұрақ-жауап: "Біздің Отанымыз". Дидактикалық ойын «Буынға буын қос».	1	28.09.2022ж

		Жазуға қолдарын жаттықтыру. Ұқыптылыққа, сауаттылыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Отаны туралы білімдерін кеңейту.			Бала санына байланысты жазу дәптерлері, қаламсаптар.	Тапсырмасы."Орнын тап". «Адасқан сандар» ойыны. Тіл ұстарту жаттығулары (А және Ә). Ойын «Кім шапшаң?» Саусақ жаттығуы. "Кел санайық санамақ". Жазылым жұмыстары. «Әтеш», «Айна» сөздеріне буындық-дыбыстық талдау. "Кім жылдам?" ойыны. "Кім тапқыр?" дидактикалық ойыны.		
9	"Жыл мезгілдері. Алтын күз".	Балаларда "күз", "жапырақтың түсуі" ұғымдарын; "алтын күз" туралы түсініктерін одан әрі дамыту; "Ғ" әрпімен және етістіктермен таныстыру; барлық жыл мезгілдерінде, күзде адам өмірінде болатын табиғатқұбылыстары туралы білімдерін кеңейту; мақал-мәтелдердегі сөздердің тура және ауыспалы мағыналары туралы түсінік қалыптастыру; суреттерге сүйене отырып, балалардың "күз" тақырыбында интеллектуалды карта құра білуін дамыту, "күз" ұғымын анықтайтын негізгі сөз тіркестерін нақты айтуға дағдыландыру; қарама-қайшылықтарды салыстыру негізінде сөз тіркестерін дұрыс таңдауға жаттықтыру; қазақ тілін түсіну және сөйлеуде көркем сөзді қолдануға бейімдеу.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздікке "алтын күз", "жапырақтың түсуі" сөз тіркестерін енгізу; күз туралы өлеңдердегі сөздер мен сөйлемдерді қолданысқа енгізу, "жылтырағанның бәрі алтын емес" мақалымен жұмыс жасау.	Тыныш әуеннің аудио жазбалары. Интерактивті тақталар, нұсқау таяғы. "Күз" зияткерлік картасының сызбасы. Қарама-қарсы мағынамен жұпталған суреттер. Күз туралы өлеңнің мнемикалық сызбасы. Күзгі бұлтты ауа-райындағы балалардың демонстрациялық суреті. "Жылтырағанның бәрі алтын емес" мақалының мазмұнына келетін сурет. Үлестірмелі суреттер: жаңбыр, сұр бұлт, күн, көбелектер, аралар, қар, себеттегі жемістер, себеттегі көкөністер, себеттегі саңырауқұлақтар, шөптегі жалаң аяқ бала, етік пен жадағай киген бала, жасыл жапырақтар, сары жапырақтар, бұтақтардағы гүлдер, жапырақтар жерге	Амандасу жаттығуы. Көркем сөз. Жұмбақ. "Күз". Кіріспе әңгімелесу. "Күз" зияткерлік картасын модельдеу негізіндегі сөздік жұмыс. "Күз" зияткерлік картасының сызбасы. "Алтын жапырақтар", "алтын күз" ұғымдарын түсіндіру. "Ғ" әрпі мен дыбысы. Ғ дыбысының дұрыс дыбысталуын жасау жаттығуы. Қарама-қарсы ұғымдарды салыстыру арқылы сөйлем құрастыруға арналған жаттығу. "Егер олай болмаса, қалай?". Таңдалған суреттер мен балалар жазған сөйлемдер негізінде өлеңді мәнерлеп оқу. "Күз". Музыка негізінде өлең жаттауға арналған ырғақты жаттығу. "Күз".	1	03.10.2022ж

					түсіп жатыр, қардың астындағы бәйшешек, панама киген бас, жанбыр астында қолшатыр астында, көлшіктерге тамшылар тамады, құстар отары ұшып кетеді, құс ұя салады.	Есте сақтауға арналған ауызша жаттығу. "Есте сақтайық": "Жылтырағанның бәрі алтын емес".		
10	"Жыл мезгілдері. Алтын күз. О, Ө дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері).	Мақсаты: балаларды "О-Ө" дыбыстарымен, "О о - Ө ө" әріптерімен таныстыру. "О-Ө" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "О-Ө" дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуға үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. "О-Ө" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "О-Ө" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Жазуға қолдарын жаттықтыру. Мейірімділікке, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Күз қабілетін сипаттап, күз айларын атай білуге үйрету. Табиғатты аялауға, сүюге, қорғауға тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"Жыл мезгілдері", "алтын күз", "О", "Ө", "дыбыстар" сөздерін пайдалану.	Автобус дыбысының әуенжазбасы, автобус суреті, интерактивті тақта, таяқша, О-Ө дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер: Өзен, өрік суреттері, тоқылдақ, ойыншықтар, магнитті тақта, үлестірме материалдар. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.	Шаттық шеңбері "Кел балалар ортаға!" Артикуляциялық жаттығулар: "Қатты жел", "Шар", "Піл", "Алтыбақан", "Тәтті тосап", "Тоқылдақ". [о] -[ө] дыбыстарына кинезиологиялық ойындар: 1) «лезгинка» билету; 2) екі қолмен түрлі нүктеден бастап дөңгелек сызу. "Кел, жұмбақ шешейік!" жаттығуы. О мен Ө дыбыстарын ажыратуға арналған жаттығулар: буындарда ажырату; сөздерде ажырату; сөйлемде ажырату. О мен ө дыбыстарына тіл ұстарту жаттығулары. Дыбыстық талдау жасау: "орақ", "өрік". Есте сақтау жаттығуы: "Өнер білім бұлағы, білім - өмір шырағы". Дидактикалық ойын "Кім жылдам?" (О - Ө дыбысының орнын ауыстырып оқу). Тіл ұстарту жаттығулары: "О мен Ө дыбыстары.	1	05.10.2022ж

						"Саусақ жаттығуы. "Қолдар үстелде жатты". Жазылым жұмыстары. «Кім жылдам?» жаттығуы.		
11	"Күз сыйлары".	Балаларды көкөністер туралы өлеңмен таныстыру; "күзгі егін" ұғымын дамытуды жалғастыру; көкөністер мен жемістер және геометриялық фигуралар туралы білімдерін нақтылау; мәтінге сәйкес көкөністердің атауларын нақты дәйектілікпен айта отырып, көкөністер туралы өлеңді мәнерлеп оқуға үйрету; зияткерлік картамен жұмыс жасау кезінде қазақ тілінде көкөністер мен жемістер туралы қарапайым сөйлемдер құра білу, назар салу, ойлау дағдыларын дамыту; ересектердің еңбегін құрметтеуге, еңбекқорлыққа, табандылыққа тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздікке "сорпа", "көкөніс сорпасы" сияқты сөздерді енгізу, көкөністер мен жемістердің аттарын, сондай - ақ көкөністер туралы өлең жолдардың айту арқылы сөздікті жандандыру; "ексең егін, ішерсің тегін", "еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей" мақал-мәтелдері арқылы тіл байлықтарын дамыту.	Ырғақты әуендердің аудиожазбалары Базардағы сөресінде көкөністері мен жемістері шашылған Еркежанның әжесінің суреті. Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, көрсеткіш, интерактивті тақта. Көкөністер мен жемістердің муляждары бар бір үлкен тостаған немесе қорап. Демонстрациялық суреттер: себеттегі көкөністер; себеттегі жемістер. Геометриялық фигуралардың демонстрациялық модельдері. Көкөністер туралы өлеңді мәнерлеп оқуға арналған суреттер. Заттардың геометриялық фигуралармен байланысы бойынша интеллектуалды карталардың бастапқы схемалары: шеңбер, үшбұрыш, сопақ. Көкөністер мен жемістердің геометриялық фигуралармен арақатынасы бойынша толтырылған зияткерлік карталардың схемалары: шеңбер, үшбұрыш, сопақ.	"Амандасайық" жаттығуы. Суретбойынша жемістер мен көкөністер жайында әңгімелесу. Ойын-эстафетаға негізделген сөздік жұмыс. "Көкөністер-жемістер". Сюжеттік суреттер негізінде өлеңді мәнерлеп оқу. "Көкөністер". Жиі қайталанатын сөздерді елестету негізінде өлеңді жаттауға арналған ауызша жаттығу. Таратпа сурет карточкаларына негізделген ауызша-ырғақты жаттығу. Интеллектуалды карта негізінде "геометриялық фигуралар" ұғымын қалыптастыруға арналған ауызша жаттығу. "Көкөністер мен жемістер қандай геометриялық фигураларға ұқсайды?". "Есте сақтайық" жаттығуы: "Ексең егін, ішерсің тегін", "Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей".	1	10.10.2022ж

					<p>Көкөністер мен жемістер туралы мақал-мәтелдердің мазмұны бойынша суреттер.</p> <p>Геометриялық фигураларға ұқсайтын көкөністер мен жемістердің таратпа суреттері.</p> <p>Өлеңді сүйемелдеуге арналған бірнеше суреттер тобы: картоп, кырыққабат, сәбіз, қала, ақжелкен, қызылша.</p>			
12	<p>"Ұ, Ү дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)".</p>	<p>Балаларды "Ұ-Ү" дыбыстарымен, "Ұ Ұ-Ү Ү" әріптерімен таныстыру. "Ұ-Ү" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "Ұ-Ү" дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуға үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. "Ұ-Ү" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "Ұ-Ү" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады.</p>	<p>Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.</p>	<p>"Ұ", "Ү", "күз сыйлары", "үкі, "үзенгі", "ұлу", "ұршық" сөздерін пайдалану.</p>	<p>Интерактивті тақта, таяқша, Ұ-Ү дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, ойыншықтар, магнитті тақта, үлестірме материалдар. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.</p>	<p>Шаттық шеңбері. Армысың, шұғылалы нұрлы күн!" Артикуляциялық жаттығулар: "Күлу", "Ине", "Өткеншек", "Кесе", "Тәтті тосап", "Тістерді тазалаймыз", "Аттар", "Сылақшы". Ұ және Ү дыбысының артикуляциялық қалпын игеру жаттығулары. «Сиқырлы сандықша» ойыны. Ұ және Ү дыбысынан келетін сөздерді ойлап табайық: Ұя, ұн, ұшақ, бұғы, жұмыртқа Жаңылтпапшы жаңылмай айтқызу. "Өз орныңды тап" ойыны. Дыбыстарға мінездеме Ұ-Ү. Ұ-Ү дыбыстарының ұқсастығы мен айырмашылығын табу жаттығулары. Сергіту сәті. "Қақпаға</p>	1	12.10.2022ж

						<p>туралап". "Кім зейінді?" ойыны ("Ү" мен "Ұ" дыбыстарын естігенде сигналдық белгіні көтеріп, буынды қайталау); буындар: үш, үш, үз, ұз. «Кім тез?» ойыны. Дыбысының сигналдық белгісін, ал "Ү" дыбысынан келетін сөздерді естісендер «Ү» дыбысының сигналдық белгісін көтересіңдер. Сөздер: үкі, ұя, ұстаз, «Кім тапқыр?» ойыны. Саусақ жатығуы. "Он саусақ". Жазылым жаттығулары. Тапсырма. Адасқан әріптерден сөз құрап, сол құралған сөзге дыбыстық талдау. "Оқы, таны, жаз" жаттығуы. Ү және Ү дыбыстарының сөздер құрамында табуға арналған жаттығулар.</p>		
13	"Біз дән егеміз". Ұн өнімдері. Ыдыс".	Нан, ұн өнімдері туралы тұтас түсінік беру; нан туралы өлеңмен таныстыру; нанға құрметпен қарау мысалдарымен таныстыру; нан туралы идеялар мен мақал-мәтелдерді нақтылау; балаларға суреттер бойынша сөз тіркестерін құрастыру негізінде өлеңнің мазмұнын қазақ тілінде есте сақтауды үйрету; қонақтарға сыпайы түрде қоңырау шалу үлгілерін айту, нанға құрмет тақырыбы бойынша үйлесімді сөйлеу; бір түбірлі сөздердің байланысын түсіну, жаңа мағыналарды есту арқылы ажырату, оларды түсіну қабілеттерін дамыту;	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздікке "шай ыдысы", "тамақ", "ұн өнімдері", "сыйлау", "зімбір нан" деген сөздерді енгізу; "қант ыдысы", "нан себеті", "сүт құятын ыдыс (топатай)", "май салатын ыдыс" сияқты ыдыс атауларымен сөздік қорларын байыту.	Тыныш әуеннің аудио жазбасы. Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, нұсқау таяғы, интерактивті тақта. Тақырыптық суреттер: қант ыдысы; нан себеті; сүт құятын ыдыс; май салатын ыдыс; кәмпитке арналған ыдыс; шайнек. "Шай ыдысының" демонстрациялық суреті. Нан өлеңіндегі зат	"Амандасайық" жаттығуы. Көркем сөз. Өтебай Тұрманжанов "Нан – ардақты адал ас". Суреттерге негізделген сөздік жұмыс. "Ыдыс". Сөздер мен суреттер арқылы есту және визуалды қабылдау дағдыларын дамытатын жаттығу. Көркем сөз. "Біз дән егеміз". "Кім? Не?" сұрағына жауап	1	17.10.2022ж

		сыпайылыққа, нанды құрметтеуге, адам еңбегін бағалауға тәрбиелеу."			есімдерді көрсететін суреттер. Суреттердегі нан туралы өлеңнің схемасы. Луллий шеңберіне арналған үн өнімдерінің тақырыптық бейнелері: тоқаштар, батон, құймақ, жаңғақтар, жүзім, пияз, бауырсақтар, балмұздақ, торттар, тандыр, торт, бәліштер, алма, макарон, шұжықтар, печенье, зімбір, хворост. "Үн өнімдері" тақырыбындағы Луллий шеңберінің сызбасы. Нанды құрметтеуге арналған ережелер: бала үстелдің астынан нан алады; бала торт салынған бос табақты көрсетеді; бала жолдан нанды алады; бала көгершіндерге үгінділер таратады."	беретін сөздерді табу жаттығуы. "Не істеп жатыр?" сұрағына жауап беретін сөздерді табу жаттығуы. Суреттерге негізделген өлеңді оқуға арналған ауызша жаттығу. "Луллий шеңберін" толтыру негізінде заттарды жіктеу бойынша ауызша жаттығу. "Үн өнімдері". Диалогке негізделген ауызша ойын жаттығуы. "Шай арналған тағамдар". Есте сақтауға арналған жаттығу. "Есте сақтайық": "Нан - ас атасы".		
14	"Ы, І дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)".	Балаларды "Ы-І" дыбыстарымен, "Ы ы-І і" әріптерімен таныстыру. "Ы-І" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "Ы-І" дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуға үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. "Ы-І" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "Ы-І" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"Ы", "І", "Ас атасы-нан", "Із", "Ін", "Іш", "Іс", "тіс", "іні", "ін", "тіл" сөздерін пайдалану.	Ы және І дыбыстарына қатысты суреттер, дыбыстық талдауға арналған түсті текшелер. Интерактивті тақта, таяқша, Ы-І дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, ойыншықтар, магнитті тақта, үлестірме материалдар. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.	Шаттық шеңбері: "Армысың күн анамыз". Артикуляциялық жаттығулар: «Күрекше», «Кесе», «Төбешік», «Сағат», «Алтыбақан», «Ат шауып келеді». Ы және дыбысының артикуляциялық қалпын игерту жаттығулары. "Дән" өлеңін мәнерлеп оқу. Нанның дастарқанға келу жолын ретімен әңгімелеу. Суретпен жұмыс: «Ы-І» дыбыстары. «Кім жылдам?» ойыны («Ы-І» дыбыстарын ажырату).	1	19.10.2022ж

		дағдыланады.				«Кім білгіш?» ойыны. Дыбыстарға мінездеме: Ы-І «Кім зейінді?» ойыны (есту бойынша сигналдық белгімен жұмыс). «Кім тапқыр?» ойыны Сергіту сәті. "Көлбең, көлбең, көлеңкем". Тіл ұстарту жаттығулары. Жаңылтпаштар. Саусақ жатығуы. "Қуыр, қуыр, қуырмаш". Жазылым жаттығулары. [Ы] мен [І] дыбыстары бар сөздерді талдау жұмысы.		
15	"Жыл құстары. Ханс Кристиан Андерсеннің "Ұсқынсыз үйрек" ертегісінің желісі бойынша әңгімелеу. Үй құстары".	Балалардың қоныс аударатын және үй құсы туралы білімдерін кеңейту; "жабайы" және "үй құстары" жайлы түсініктерін дамыту; Г. Х. Андерсен ертегісінің желісі бойынша ұсқынсыз үйрек туралы ертегінің мазмұнымен таныстыру; құстардың жылы жерлерге кету ерекшеліктері туралы, құстардың дыбыс шығару ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту; құстардың дыбыстардың ерекшеліктерін көрсететін сөздерді айту етістіктерді алмастыру дағдыларын және сөйлеу, ойлау дамыту; мұқият болуға, мейірімділік пен жанашырлыққа, батылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздікке "жылы жақ", "онтүстік", "қоныр", "ұсқынсыз", "қуып жіберу" сияқты сөздер мен сөз тіркестерін енгізу; сөздікті ұсқынсыз үйрек тертегісінің мазмұны туралы диалог сұрақтарына: "бірінші қаз, түсі ақ, екінші қаз, түсі сұр, үшінші қаз, түсі қара және қоныр, төртінші, бесінші қаздар түстері қоныр"; "әр құс өз ұясын жақсы көреді" деп жауап беру арқылы жандандырыңыз.	Вальс және релаксациялық әуендердің аудиожазбалары. Аудио құстардың дауысы: тырнаның. Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, нұсқау таяғы, интерактивті тақта. Көрнекі тақырыптық суреттер: қарлығаш, көкек, қарға, ләйлек, тырна, жабайы қаз, аққу. Демонстрациялық сурет: "Жыл құстары". Демонстрациялық сурет: "Құс ауласы". Г. Х. Андерсеннің ертегісіне негізделген ұсқынсыз үйрек туралы ертегінің мазмұны бойынша демонстрациялық сюжеттік суреттер. Есептегішке арналған	Әдемі вальс әуені естіледі. Көркем сөз "Жыл құстары, тырнарлар". Абдрахман А. Кіріспе әңгіме. "Жыл құстары". Суреттерге негізделген сөздік жұмыс. "Жыл құстары". Суреттер негізінде Г.Х. Андерсеннің "Ұсқынсыз үйрек" ертегісін әңгімелеу. Сергіту сәті. "Жыл құстары, тырнарлар". Диалог негізінде ұсқынсыз үйрек туралы ертегінің мазмұнын әңгімелеуге арналған ауызша жаттығу. Санамақ негізінде есте сақтау және логика бойынша ауызша жаттығу. "Әженің неше қазы бар?". Есте сақтауға арналған жаттығу. "Есте сақтайық": "Әр құс өз ұясын жақсы көреді".	1	22.10.2022ж

					қаздардың тақырыптық суреттері: қара, қоңыр, ақ, қоңырқай (сарғыш), қызғылт, сұр. Санауыштағы қаздардың дұрыс тізімі бейнеленген сурет: ақ, сұр, қара, қоңыр, қоңырқай (сарғыш). Қарлығаштың, жабайы қаздың, көкектің, жабайы үйректің, тырнаның маскалары.			
16	"Дауыссыз дыбыстар. Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар. Жұп құрауға қабілетті дауыссыз дыбыстар".	Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру; сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп айыра білуге үйрету, дауыссыз дыбыстардың түрлерімен танысу, сөзге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Жұп құрауға қабілетті дауыссыз дыбыстармен таныстыру. Фонематикалық естуді дамыту, парақша мен дәптерде жұмыс істеу барысында ұқыптылықты тәрбиелеу. Балаларды мейірімділікке, тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"Дауыссыз дыбыстар", "қатаң", "ұяң", "жыл құстары" сөздерін пайдалану.	Интерактивті тақта, таяқша, оқу қызметінің тақырыбына байланысты суреттер. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.	Шаттық шеңбері. "Қол алысып, қәне, біз". Кіріспе әңгімелеу, сипаттама. "Дауыссыз дыбыстар". Бой сергіту жаттығуы: "Би билейміз". Тіл ұстарту жаттығулары. "Аққулар". Сөздерге дібістық талдау жаттығулары. Ребус шешу. Сандарды өсу ретімен қойып, жасырынған сөйлемді оқу. Фонетикалық жаттығулар. «Білімінді тексер» викторинасы. «Кітап» сөзінен дауыссыз дыбыстарды тап жаттығуы. Сергіту сәті. "Қарға біздің қар, қар". Тіл ұстарту жаттығулары (Ғ және Г дыбыстары) Саусақ жатығуы. "Құстар қанат қағады". Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта» ойыны. Жазылым жұмыстары. Жұптық жұмыс. (Берілген	1	24.10.2022ж

						дыбыстарға сәйкес екі буынды сөздерді жазу).		
17	"Үй жануарлары және төлдері. "Жеті лақ" ертегісін әңгімелеу".	Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, "Қасқыр мен жеті лақ" ертегісінің мазмұнымен таныстыру; үй жануарларының балаларының атауларын бекіту; үй жануарларының дыбыс шығару және қозғалу ерекшеліктерін еске түсіру; үй жануарларының пайдасы туралы түсініктерін дамыту; көрнекі сызбаларға сүйенбестен ертегінің мазмұны бойынша диалогке қатысуды, мұқият болуды, қарапайым түсіндірме сөйлемдер құруды үйрету; ертегілердегі жануарлардың мінез-құлқын адамдардың мінез-құлқымен салыстыруға, қарапайым қорытынды жасауға дағдыландыру; балаларды үй жануарларына қамқор болуға, ертегілерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздікке "түяк", "темір ұстасы", "үй жануарлары пайдалы", "қамқорлық қажет" сияқты сөз тіркестерін енгізу; үй жануарларының дыбыстарын бейнелейтін сөздермен сөздік қорларын байыту.	Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, нұсқау таяғы, интерактивті тақта. Үй жануарларының көрнекі суреттері: сиыр, жылқы, қой, ешкі, түйе. Демонстрациялық суреттер: үй жануарларының төлдері: бұзау, құлын, қозы, бота, лақ. Демонстрациялық суреттер: "Жеті лақ". Үй жануарларының дауыстары бар аудио жазбалар. Көңілді ырғақты әуеннің аудио жазбалары. Сөйлем құрастыруға арналған суреттер-схемалар: "Сиыр сүт береді"; "Ешкі жүн, сүт береді"; "Қой жүн, ет береді"; "Жылқы қымыз, ет береді"; "Түйе жүк тасиды"; "Жылқы адамдарды алып жүреді". Балалар саны бойынша төлдердің маскаларының үлестірмелі жиынтықтары, сондай-ақ үй жануарларының төрт маскасы.	"Амандасайық" жаттығуы "Көркем сөз. Үй жануарлары туралы жұмбақтар. "Жануардың дыбысын тап" ойыны. Сәйкестендіру және жіктеу бойынша ауызша-логикалық жаттығу. "Кімде не бар?" Суреттер негізінде ертегіні баяндалуы. "Қасқыр мен жеті лақ". Диалог негізінде ертегінің мазмұнын әңгімелеуге арналған ауызша жаттығу. "Мұқият болу маңызды". Мәтіннен сөздердің артикуляциясы мен айтылуына негізделген ауызша-ырғақты жаттығу. "Ешкінің әні". Суреттердің тірек тізбектері негізінде сөйлем құрастыруға арналған ауызша жаттығу. "Кім не береді?".	1	31.10.2022ж
18	"К-Г дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын	Балаларды "К-Г" дыбыстарымен, "К к-Г г" әріптерімен таныстыру. "К-Г" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "К-Г" дыбыстарының нақты артикуляциялық	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып	"К", "Г", "жомарт күз", "карта", "кілт", "көбелек", "гүл", "глобус", "гитара",	Интерактивті тақта, таяқша, К-Г дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері,	Кіріспе сөздің жаттығуы: "Мынау не?" Жаңылтпаш айту: "Кербез керік кері кетті".	1	02.11.2022ж

	табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)".	қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуға үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. "К-Г" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "К-Г" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады.	сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"кесе", "кәмпит", "кебеже", "күріш" сөздерін пайдалану.	өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, магнитті тақта, үлестірме материалдар. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.	К және Г дыбыстарының артикуляциясы. "К, Г дыбыстарының сөздегі орны" жаттығуы (басында, ортасында). Сергіту сәті: "Ақ көгершін, көгершін..." Тіл ұстарту жаттығулары: К және Г дыбыстары. Саусақ жаттығуы "Жасыру". "Моншақтармен ойын". Сөздерді буындаға бөлу жаттығуы. Есте сақтау жаттығуы: Г дыбысы сөздердің соңында кездеспейді.		
19	"Көлік түрлері. Қоғамдық көлікте тәртіп ережесі".	Балалардың көлік түрлері және олардың қозғалу тәсілдері мен орталары туралы білімдерін кеңейту; қоғамдық көліктегі ережелермен балаларды таныстыру; қала мен ауылдың көріністері мен олардың айырмашылығын ажыратуды үйрету; "аз" және "көп" ұғымдары туралы түсініктерін дамыту; сыпайы мінез-құлық мысалдарымен, ар-намыс туралы мақалдармен таныстыру, "құрмет" сөзінің мағынасын түсіндіру; балаларды үш ортада (жер, ауа, су) қозғалу тәсілдеріне сүйене отырып, үш түрге жіктеуге үйрету; ұқыптылыққа, сыпайылыққа, қарттарға қамқор болуға, қоғамдық көлікте орын беруге тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздікке "жолаушы", "жақсы іс", "тұтқалар", "отыру" сияқты сөздерді енгізу; "жер үсті көлігі жерде жүреді", "су көлігі суда жүреді", "әуе көлігі ауада ұшады" деген тіркестер мен сөйлемдердің және "арынды жасыңнан сақта" мақалының көмегімен белсендіру.	Интерактивті тақта, көрнекіліктерді көрсетуге арналған тақталар, нұсқау таяғы. Ортаның демонстрациялық суреттері: жер, ауа, су. "Жер үсті көлігі" схемасы: жеңіл автомобиль, велосипед, мотоцикл, жүк көлігі, трактор, автобус, пойыз. "Су көлігі" схемасы: пароход, кеме, желкенді қайық, қайық, сүңгуір қайық. "Ауа" схемасы: ұшақ, реактивті ұшақ, ауа шары, тікұшақ. Орташа және жылдам ырғақтағы әуендерінің аудио жазбалары. Демонстрациялық сурет: автобус ішіндегі салоны.	"Амандасайық" жаттығуы "Интеллектуалды карта негізінде көлік түрлерін жіктеу бойынша ауызша жаттығу. "Жер, су, әуе көлігі". Суретке негізделген әңгіме мазмұны бойынша сөздік жұмыс. Суреттерге негізделген оқиғаны мәнерлеп оқу. "Батырбек пен Жалғастың стадионға баруы". Сергіту сәті. "Жүргізуші". Салыстырмалы диалог негізінде сөйлем құрау жаттығуы. "Қалада және ауылда не көп, не аз?". Ойын жағдайына негізделген сөйлемдерді құрастыру жаттығуы. "Автобуста қалай жол береміз". Есте сақтауға арналған ауызша жаттығу. "Есте	1	07.11.2022ж

					<p>Дос балалардың стадионға қалай бет алды" әңгімесі бойынша сюжеттік суреттер сериясы. Әуеннің ырғақты, орташа қарқынды аудиожазбасы. Жүргізушінің қалпақшасы, рульдің макеті, кондуктордың сөмке-қалтасы. Көлік түрлері бейнеленген үлестірмелі тақырыптық суреттер</p> <p>Балалар саны бойынша автобус билеттері (карточкалар).</p>	<p>сақтайық": "Арыңды жасыңнан сақта".</p>		
20	<p>"Қ-Ғ дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)".</p>	<p>Балаларды "Қ-Ғ" дыбыстарымен, "Қ қ-Ғ ғ" әріптерімен таныстыру. "Қ-Ғ" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "Қ-Ғ" дыбыстарының айтылуы мен артикуляциясын салыстыру және нақтылау, буындарда, сөздерде, сөйлемдерде сұрақтарға жауап беру арқылы анық, дұрыс айтуға, ажыратуға үйрету. "Қ-Ғ" дыбыстарының сөздің келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "Қ-Ғ" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздердегі дыбыстарды анық айтуға үйретіп, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады.</p>	<p>Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.</p>	<p>"Қ", "Ғ", "көлік түрлері", "әуе көліктері", "су көліктері", "темір жол көліктері", "көліктер" сөздерін пайдалану.</p>	<p>Интерактивті тақта, таяқша, Қ-Ғ дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, магнитті тақта, үлестірме материалдар. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.</p>	<p>Шаттық шеңбері: "Қуан" шаттан!"</p> <p>Артикуляциялық жаттығулар: Қ және Ғ дыбыстары.</p> <p>Қ дыбысына басталатын сөздерді табу жаттығуы.</p> <p>Ғ дыбысына басталатын сөздерді табу жаттығуы.</p> <p>Сөздерді буындарға бөлу жаттығуы.</p> <p>Жаңылтпаш айту: Қыс қатты – ақ, Қоғабай комағай ма?"</p> <p>Дыбыстарды сөздерде ажырату жаттығулары.</p> <p>Дыбыстар жайында "ертегілер".</p> <p>"Қ - Ғ" дыбыстарын буындарда ажырату.</p> <p>«Керісінше айт» ойыны.</p> <p>"Мен айтамын – қа, сен айтасың – ға...".</p> <p>Фонематикалық қабылдауын дамыту: "Кім зейінді?" ойыны.</p>	1	09.11.2022ж

						<p>Допты қағып ал ойыны. (Сөздерді үлгі бойынша өзгертіп айту.)</p> <p>Дидактикалық ойын: "Білімінді шыңда".</p> <p>Дыбыстық талдау: "үкі", "аға" ("Кеме", "Қала", "Ғарыш", "Гараж")</p> <p>Ойын: "Кім тез ойлайды?".</p> <p>Сергіту сәті. Ойын: "Дыбысты анықта".</p> <p>Тіл ұстарту жаттығулары "Көңілді көліктер" ойыны.</p> <p>Жазылым жаттығуы.</p> <p>Дидактикалық ойын: "Көліктердің дыбысын ажырат".</p>		
8	"Алтын күз. Жыл құстары".	Қазақ тілін түсінуге, "күз" сөзін қолданып, септік жалғауларын өзгерте отырып қарапайым сөз тіркестерін құрауға, құстардың атын атауға, табиғат құбылыстары туралы шағын төрт жолдық өлең жолдарын айту арқылы жыл мезгіліне, жаңбырға, жауған жапырақтарға деген қарым-қатынасын білдіруге үйрету.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, " күз", "құстар", "жапырақтар түседі". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып"жаңбыр тамшылары тамады", "жапырақтар, ұшындар" сөздік қорларын белсендіру.	Вальс әуенінің аудиожазбасы ("Күз келді"). Көрсеткіш. Құстардың дыбыстарының аудиожазбасы: дала қазы, көкек, жапалақ. Демонстрациялық суреттер: дала қазы, көкек, жапалақ. Күзгі ағаштар, түсіп жатқан жапырақтар бейнеленге күзгі бейненің суреті. Күз туралы бейнеролик.. "Күз" тақырыбында мнемочарткалар (маркер). Әр балаға қағаздан қиылған екі - екі жапырақтар	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Сурет көрсету. "Қонаққа күз келді". Пейзаж суреті: күз келді " Көркем сөз. "Күз ханшайым сыбырлап". Күз туралы бейнеролик негізінде "Күз мезгілі" әңгімесі. Мнемочарткаларға сүйеніп әңгіме бойынша диалог жаттығуы."Жапырақтар, ұшындар" сергіту сәті. Саусақ жаттығуы "Жаңбыр". Қимылдарды орындап, сөздерге ілесіп қайталау жыттығуы.Қоштасу рәсімі. "Жапырақтарды жинайық"	1	28.10.2022ж
---	---------------------------	---	--	--	---	--	---	-------------

9	"Күзгі жаңбыр".	Қазақ тілінде жаңбыр түрлерінің атауларын атауға үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен жаңбырдың жауғанын, жапырақтардың түсуін білдіретін сөз тіркестерін құруға, зат есіммен сын есімдердер сөз тіркесін құруға үйрету.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, " күз", "жаңбыр", "нөсер". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып"жапырақта р сарғаяды", "жаңбыр жауады", "құстар ұшып кетеді" сөздік қорларын белсендіру.	"Күз", "Жаңбыр" тақырындағы демонстрациялық суреттер, жаңбырдың дыбысы жазылған аудиожазба, тыныс алу жаттығуына арналған атрибуттар Әр балаға арналған ысқыштар, су құйылған ыдыстар, қол сұртуге арналған майлықтар.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Күз туралы кіріспе әңгімелесу.Күз туралы мәнерлеп өлең оқу. "Күз, күз, күз келді". Ғажайып сәт.Тыныс алу гимнастикасы. Саусақ жаттығуы: "Қызықты серуен" (сөздерді ілесіп айту).Сергіту сәті. "Тырс - тырс біздерге..." "Жалғастырып айт" дидактикалық ойыны.Шағын тәжірибе. "Жаңбыр жауғызып көрейік".М.Мақатаевтің "Сап-сары жапырақтар" өлеңін жатқа мәнерлеп айту. Ойын рефлексиясы. "Жаңбырдың тамшыларын салайық".	1	04.11.2022ж
---	-----------------	--	--	---	---	---	---	-------------

10	"Жолға дайындал...". Көліктер. Түстер әлемінде."	Қазақ тілінде көлік түрлерінің атауларын, негізгі түстерін тыңдап, атауға үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен көліктердің жүру амалдарын білдіретін сөз тіркестерін құруға, зат есіммен сын есімдердер сөз тіркесін құруға үйрету, көліктердің жүру амалдарын бере алатын буындарды айтуға үйрету.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, "көлік", "кеме", "ұшақ". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "көк ұшақ", "сары автобус", "қызыл машина", "жасыл кеме" сөздік қорларын белсендіру.	Жолда келе жатқан көлік туралы бейнеролик. Заттық демонстрациялық суреттер: машина, жүк көлігі, автобус, паровоз, кеме, ұшақ (А4). Көрсеткіш. Заттық демонстрациялық сурет карточкалары (1/2 А4) төртеуінің бірі артық: қызыл қызанақ, қызыл ту, көк ұшақ, қызыл таңқурай; жасыл қияр, сары автобус, жасыл алмұрт, жасыл жапырақ; сары күн, сары жапырақ, қызыл машина, сары, .	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Көшедегі көліктер қозғалысы жайында қысқаша бейнеролик көрсету. Көркем сөз. Жұмбақ жасыру (көліктер, машиналар). Суреттер негізінде көліктер туралы әңгіме. "Машиналар жүреді, жүреді" ым-ишарамен көрсету арқылы сөздік жаттығуы. "Сенде не бар?" жаттығуы. "Қонақтар немен жетті?" сергіту сәті (артикуляциялық жаттығу). "Не артық?" дамытушылық ойыны. "Әр түрлі көліктер" рефлексиясы.	1	11.11.2022ж
----	--	---	--	--	---	---	---	-------------

11	"Жабайы аңдардың қысқа дайындығы. Қоян тонын неге ауыстырады?".	Орманда мекендейтін жабайы жануарлар туралы білімді тереңдетуге және жалпылауға ықпал ету, күз мезгіліне тән белгілерімен таныстыруды жалғастыру, жиі қайталанатын қажетті сөздер мен сөз тіркестерін (қазақ тілінде) есте сақтап, оларды дұрыс қолдана білуге үйрету.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, "қоян", "түлкі", "аю". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "қоян тонын ауыстырады", "аю ұйқыға жатады", "қасқыр жортып жүреді" сөздік қорларын белсендіру.	Ақпараттық слайд, тыныс алу жаттығуына арналған бұлттар, дидактикалық ойынға арналған суреттер, көрсеткіш, рефлексияға арналған қоянның кескіні мен мақталар, желім Әр балаға ақ түсті және сұр түсті парақтар мен ақ түсті қояндар	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Мультфильмнен үзінді көрсету негізінде әңгімелесу. Қоян туралы ақпараттық слайд көрсету негізінде тақпақ жаттату. "Мен сәбізді сүйемін". Сергіту сәті. "Түлкі, түлкі, түлкімін". "Қоян көрінеді - көрінбейді" жаттығуы (диалог). Тыныс алу гимнастикасы. "Сиқырлы бұлттар". "Шыршаның артында не жасырынған?" дидактикалық ойыны.	1	18.11.2022ж
12	"Орманда нелер мекендейді?". Жабайы аңдар".	Орманда мекендейтін жабайы аңдардың атауларын есте сақтауға, ертегіні ("Сәулетті үйшік") мұқият тыңдауға, таныс жабайы аңдардың атауларына сүйене отырып, мазмұнын түсіне білуге үйрету, ертегіде жиі қайталанатын қажетті сөздер мен сөз тіркестерін (қазақ тілінде) есте сақтап, оларды дұрыс қолдана білуге үйрету.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздер мен сөз тіркестерін енгізу, "ертегі", "жабайы аңдар", "сәулетті үйшік". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "орманда мекендейді", "Сәулетті үйшікте кім тұрады?" сөздік қорларын белсендіру.	Ойыншық қоян немесе қоянның суреті салынған сурет. Жабайы жануарлардың демонстрациялық суреттері: қоян, қасқыр, аю, түлкі. Бөлітік пен қонжықтың дыбыстары жазылған аудиожазба. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуен жазбасы. Көрсеткіш. «Сәулетті үйшік» ертегісінің мазмұны бойынша тақырыптық суреттер.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Ғажайып сәт. Көркем сөз. "Мен орманда мекендеймін" өлеңін мәнерлеп оқу. "Орманда нелер мекендейді?" жаттығуы. "Аңдар сияқты жүреміз" сергіту сәті, "Сәулетті үй" ертегісін айтып беру. "Қай аң жасырынған?" дидактикалық ойыны. "Тыныштық" рефлексиясы.	1	25.11.2022ж

13	"Қыс қызығы".	Қазақ тілінде қыс мезгілін жыл мерзімі ретінде жалпылау және жүйелеу, қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Қысқы іс-шаралар тек қыс мезгіліне тән деген түсініктерін бекіту. Көркем сөз арқылы балалардың сөйлеуін жандандыру. Сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйретуді жалғастыру.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, "қыс", "қар", "аяз". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "ақ", "суық", "үлпілдек", "жарқырайды", "жылтыр", "күмістей", "қытырлақ", "жұмсақ", "ериді" сөздік қорларын белсендіру.	Боранның аудиожазбасы, слайд материалдары, «Қыста қалай киінеміз?» дидактикалық ойынына (қыстық киімдердің суреті) және «Қалың қардың астында не жатыр?» (шана, күн, ағаш, қолғап, бөкебай, шаңғы, коньки) дидактикалық ойынына арналған суреттер. "Айырмашылығын тап" дидактикалық ойынына арналған әр балаға А4 форматтағы қағазда бір айырмашылығы арналған суреттер жұптары.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Ғажайып сәт. Жұмбақ жасыру. (Терезе) Қыс мезгілі туралы қарапайым әңгімелесу. "Боран қалай дыбыстайды?" артикуляциялық жаттығуы. "Не үшін?" диалог-жаттығуы. "Қыста қалай киінеміз?" дидактикалық ойынын "Қалың қардың астында не жатыр?" дидактикалық ойыны. Сергіту сәті "Аққала". "Айырмашылығын тап" дидактикалық ойыны.	1	02.12.2022ж
----	---------------	--	--	--	--	--	---	-------------

14	"Үйдің көркі не?". Жиһаздар".	Қазақстан және оның бас қаласы Нұр-Сұлтан жайлы қазақ тілінде тыңдауға үйрету, жиһаз заттарының атауларын атап, не үшін қажеттілігін түсіне білуге үйрету, сұрақтарға біртұтас жауап беру немесе сөйлеудің дұрыс үлгілерін қайталау арқылы диалогқа түсу қабілеттерін дамыту.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, "әнұран", "жиһаз", "кереует" (төсек орын), "орындық". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "Біздің еліміз Қазақстан", "үстел басында тамақтанады", "орындыққа отырады", "кереуетке жатады" ("төсекке жатады") сөздік қорларын белсендіру.	Қазақстан Республикасының Әнұранының аудиожазбасы, сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуен жазбасы. Көрсеткіш. Демонстрациялық суреттер: Қазақстанның анимациялық картасы; қаланың негізгі нысандары бар Нұр-сұлтан қаласының көрінісі. Бәйтеректің Бейнесі. Еркежан әженің демонстрациялық суреті. Демонстрациялық заттық суреттер:	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындау. Суреттер бойынша мемлекеттік рәміздер туралы қарапайым әңгімелеу. Қазақстан туралы суреттер сериясын көрсету (слайд материалдары). Ғажайып сәт. "Үйде не бар? сөздік жаттығуы. Сергіту сәті "Бәйтерек сияқты". "Қажет, қажет емес" жаттығуы. Жауаптарды пантомима, қайталау арқылы білдіру. Кейіпкермен қоштасу.	1	09.12.2022ж
----	----------------------------------	---	--	--	---	--	---	-------------

15	"Шыршаның бастан кешкендері".	Ересек адамның көмегімен шағын өлең жаттауға , жаттау барысында мазмұнына деген қарым-қатынасын жеткізе білуге үйрету; қазақ тілінде қыс мезгілі туралы, қысқы мерекелер туралы білімдерін кеңейту. Қысқы іс-шаралар тек қыс мезгіліне тән деген түсініктерін бекіту; көркем сөз арқылы балалардың сөйлеуін жандандыру. Сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйретуді жалғастыру.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, "қыс", "қар", "аяз". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "жаңа жыл", "шырша", "аққала" сөздік қорларын белсендіру.	"Сиқырлы ұлпа қар" ойынына арналған атрибуттар: ортасында үлкен, ламинатталған ұлпа қардың кескіні, сол ұлпақардан жан - жаққа 10 шақты ұзынды - қысқалы көк түсті таспалар таралған, әр таспаның ұшында кішкентай ғана көлемде суреттер бекітілген. "Көлеңкесін тап" дидактикалық ойынына арналған ламинатталған жаңа жылдық шыршаларды көлеңкелері. Әр балаға арналған «Қысқы бейне» дидактикалық ойынына арналған әртүрлі геометриялық пішіндер.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Шаттық шеңбері. "Бақшамызға барғанда" Е. Өтетілеуұлы. "Сиқырлы ұлпа қар" дидактикалық ойыны. Көркем сөз. "Жаңа жыл!" тақпағын мәнерлеп оқу. "Көлеңкесін тап" дидактикалық ойыны. Сергіту сәті."Жаңа жыл"."Қысқы бейне" дидактикалық ойыны. Артикуляциялық жаттығу. Кейіпкермен қоштасу.	1	16.12.2022ж
----	-------------------------------	---	--	--	---	---	---	-------------

16	"Дана көшеге шығу үшін не киеді?" Киімдер".	Ересек адамның көмегімен шағын өлең жаттауға, жаттау барысында мазмұнына деген қарым-қатынасын жеткізе білуге үйрету; ойын жағдаятына және жыл мезгіліне байланысты киім атауларын дұрыс айтуға (атауға) үйрету; жаттап алған ойыншық атауларын бекіту.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, "киім", "жылы киім", "қолғап", "пима", "күртеше". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "серуенге киеміз", "қоңыраулар сыңғырлайды", "әдемі шырша" сөздік қорларын белсендіру.	Қоңырау сыңғырының аудиожазбасы, сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш (меңзер). Қуыршақ Дана. Қуыршаққа арналған түрлі қыстық киім түрлері немесе киімдер мен аяқ киімдердің заттық суреттері. Киімдерге арналған безендірілген қорап.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Көркем сөз. "Қоңыраулар сыңғыры" тақпағы мәнерлеп оқу. "Жаңа жыл келді" диалогі. Таңғажайып сәт. Қонаққа қуыршақ Дананың келуі. "Дана далаға не киіп шығады?" дидактикалық ойыны "Шапшаң киім" сергіту сәті "Шыршаны безендірейік" (сөздік-тәжірибелік) жаттығуы. "Біз отырмыз үндемей" рефлексиясы	1	23.12.2022ж
17	"Қыстағы ойын-сауық түрлері".	Қар сияқты табиғат құбылыстары жайында, қысқы ойын түрлері туралы білімдерін кеңейту; жағымды көңіл-күйлерін білдіруге үйрету. Қазақ тілін түсінуге, «қысқы ойындар» сөзін қолдана отырып, қарапайым сөз тіркестерін жасауға, сәйкесінше сын есімдердің жалғауларын өзгерте білуге үйрету.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу "шана тебу", "шаңғы тебу", "сырғанау" (етістік), "коньки тебу". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "сырғанақтан сырғанау", "қар атысып ойнау" сөздік қорларын белсендіру.	Қуыршақ Дана, қыстың келгенін білдіретін көңіл-күйді жеткізетін әуеннің аудиожазбасы. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. Дидактикалық ойындарға арналған көрнекіліктер.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Ғажайып сәт. "Дананың киімдерін ата!" дидактикалық ойыны. "Қысқы ойын-сауық" тақырыбында сюжеттік суреттер сериясын көрсету. "Қыс қызығы" сергіту сәті (іс-қимылдарын келтіріп өлең жолдарын айту. "Қолғаптардан ұлпа қарларды тазалау" тыныс алу жаттығуы. Кейіпкермен қоштасу. "Тыныштық сәті" рефлексиясы.	1	30.12.2022ж

18	"Қыс бізбен қар атысып ойнайды. Қыс жыл мезгілі".	Қар сияқты табиғат құбылыстары жайында шағын өлең жолдарын қайталауға, анықтап айтуға үйрету; жағымды көңіл-күйлерін білдіруге үйрету. Қазақ тілін түсінуге, «қыс» сөзін қолдана отырып, қарапайым сөз тіркестерін жасауға, сәйкесінше сын есімдердің жалғауларын өзгерте білуге үйрету.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, "қыс", "қар", "жатыр" (етістік), "қар". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "аппақ қыс", "жерде", "шатырда", "шыршада" сөздік қорларын белсендіру.	Қыстың келгенін білдіретін көңіл-күйді жеткізетін әуеннің аудиожазбасы. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Шатырларда, жерде, шыршаларда жатқан қардың фонында орналасқан әдемі ақ көйлекке оранған қыстың бейнесінің суреті, ол жоғарыдан қар жауғызады. Көрсеткіш, суретті қарауға арналған «сиқырлы сақина». Қыс туралы бейнефильм шарлар	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы "Қыс келді" тақырыбындағы суретті көрсету. Көркем сөз. "Міне, қандай қыс түсті" тақпағын мәнерлеп оқу. "Сиқырлы сақинаны" қолданып "Қыс келді" тақырыбында әңгімелесу. "Үлпілдеген қарлар, бізбен бірге айнал" сергіту сәті. "Қыс келді" суреті бойынша қайталап әңгімелесу. "Қар атысып ойнайық" ойын жаттығуы. Рефлексия: "Қардың түсуін тыңдайық".	1	13.01.2023ж
----	---	--	--	--	---	--	---	-------------

19	"Орман тұрғындарының бастан кешкендері".	Қазақ тілінде сөйлеуді түсінуге, аңдардың қысқы тіршілігі жайында білуге және аңдарды атай білуге, сұрақтарға жауап беру кезінде ең қарапайым сөз тіркестерін дұрыс құрастыра білуге, салыстыру кезінде заттардың көлемін атауды, сөз тіркестеріндегі сөздердің аяқталуын дұрыс өзгерте білуге үйрету.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына «түлкі», «қасқыр», «аю», «бөлігірік», «көжек», «мыршай», «қонжық» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорларын «аю ұйқыға кетеді», «қоян тонын ауыстырады», «қасқыр мен түлкі жортып жүреді» сияқты сөз тіркестерін қолдана отырып белсендіру.	Аңдардың дауысы жазылған аудиожазба. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. Демонстрациялық сурет : жабайы аңдардың және олардың күшкітерінің суреттері. Әр балаға түрлі жабайы аңдар мен олардың шашыраңқы орналасқан көлеңкелері бейнеленген, ламинатталған парақтар мен маркерлер.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы "Шаттық шеңбері: "Амансың ба, алтын Күн!" Суреттер негізінде жабайы аңдар туралы әңгімелесу. Сергіту сәті. "Қорбандаған аю". "Көлеңкесін тап?" дидактикалық ойыны. Сөздік жұмысы. Өлең жаттату. Артикуляциялық жаттығу. "Дұрыс па, бұрыс па?" дидактикалық ойыны. Рефлексия.	1	20.01.2023ж
----	--	--	--	---	---	--	---	-------------

20	"Құстар біздің досымыз. Қыстап қалатын құстар."	Қазақ тілінде сөйлеуді түсінуге, қыстап қалатын құстарды ажырата білуге және атай білуге, сұрақтарға жауап беру кезінде ең қарапайым сөз тіркестерін дұрыс құрастыра білуге, салыстыру кезінде заттардың көлемін атауды, сөз тіркестеріндегі сөздердің аяқталуын дұрыс өзгерте білуге үйрету. Есту сақтау және көру жадысын, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту. Қыстап қалатын құстарға деген қамқорлық сезіміне сезіміне тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына «торғай», «көгершін», «пістелер» ("дәндер") сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорларын «шиқ - шиқ - шиқ», «пісте шоқып жейді», «клю - клю - клю», «секіреді» сияқты сөз тіркестерін қолдана отырып белсендіру.	Торғайлардың үні жазылған аудиожазба. Ойынға арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. Демонстрациялық сурет: қарлы шатырдың астында отырған торғай, суықтан түрпіп отыр. Демонстрациялық сурет - көгершін. Бейнеролик: жемшашарда отырған құстар. "Көлемі жағынан қарама - қарсы екі үйі бар қағаз парақтары. Құстардың екі сұлбасы: торғай мен көгершін	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Сурет көрсету. Торғай туралы әңгімелесу (диалогтар). Артикуляциялық, саусақ жаттығуы. "Көгершін толы айнала". Көгершіннің суретін көрсету. "Үлкен және кіші үйшіктер" дамыту жаттығуы. "Торғайлар мен көгершіндер" қимыл-қозғалыс ойыны. "Жемшашарда қонақтап отырған құстар" бейнеролигі арқылы бақылау.	1	27.01.2023ж
----	---	---	--	---	---	--	---	-------------

21	"Адамдар. Адам бетінің бөліктері. Тазалық - денсаулық кепілі".	Қазақ тілінде Адам, дене мүшелері, адамның бетінің бөліктері туралы, адамдардың Жердің барлық жерінде өмір сүретіндігі туралы балалардың білімдерін қалыптастыру; пантомимикаға үйрету.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорын кеңейту "қас", "көз", "мұрын", "кірпік", "ерін", "құлақ"). Балалардың сөйлеуіндегі келесі сөздерді қолдана отырып сөздік қорын белсендіру: "су", "сабын", "көбік", "жуу".	Қуыршақ Дана, жылы су құйылған ыдыс, сабын, сүлгі, «Не жетіспейді?» дидактикалық ойынына арналған суреттер, дене бөліктерін бейнелейтін суреттер, әртүрлі қалаларды бейнелейтін суреттер, сонымен қатар адам тұратын жерлер.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Ғажайып сәт. "Қуыршақ Дананы жуындыру" тәжірибелік жаттығу. Көркем сөз. "Шөлп - шөлп қолымыз" сөздік жаттығуын орындау. "Кішкентай достарымыз қайда?" сергіту сәті. "Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны Мақал-мәтелдер жаттату: "Әлсіз денеге ауру ұялайды", "Таза ауа - жанға дауа", "Денсаулық зор байлық". Кейіпкермен қоштасу. "Денемізге рақмет!" рефлексиясы.	1	03.02.2023ж
----	--	---	--	--	--	--	---	-------------

22	"Ас бөлмесінде қандай заттар болады? Ыдыстар."	Қазақ тілінде "ыдыс-аяқ" тақырыбында сөздерді айтып үйрету, екпіндерді дұрыс қолдану; сөздерді есту арқылы, сондай-ақ сөздердің кішірейтетін формаларын ажырата білуге үйретіп, оларды нақты айтуға баулу.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына "ыдыс", "кастрөл", "шыныаяқ", "тегеш", "шайнек" сияқты сөздерді енгізу. "Мысық", "сүтті жалап ішу", "кис - кис - кис" сөз тіркестерінің көмегімен сөздік қорларын белсендіру.	Аспаздың қалпағы мен алжапқышын киген, қолында мескесі бар Тарғыл Мысықтың суреті. Өр түрлі ыдыс-аяқтардың суреттері: шайнек, шыныаяқ, кастрюль, меске, қасық. "Дастархан жаямыз" дидактикалық ойынына арналған суреттер сериясы. Қасықтың бейнесі салынған сурет. Сүт құйылған ыдыс бейнеленген сурет. Сурет: мысықтың беті, мысық сүтті жалап ішуде. Сергіту сәтіне аудиожазбасы.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Ғажайып сәт. Көркем сөз. "Тарғыл мысық". "Дастархан жаямыз" дидактикалық ойыны. "Маша ботқасын тауысты" сергіту сәті. Артикуляциялық жаттығу "Мысық". Энциклопедиялық мәлімет. "Мысық сүтті қалай жалап ішеді?" жаттығуы. Кейіпкермен қоштасу.	1	10.02.2023ж
23	"Тұрмыстық техника. Қауіпсіздік сақтау."	Тұрмыстық техниканың әр түрлі түрлері туралы, тұрмыстық техниканың мақсаты туралы білімді бекіту, оларды мақсатына қарай ажыратуды үйрету: темір үтіктеу, шаңсорғыш шаң жинайды, кір жуғыш машинаны жуу және т.б; электр құрылғыларымен қауіпсіздік ережелерін бекіту.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу "шаңсорғыш", "кір жуғыш машина", "үтік", "тоңазытқыш", "теледидар". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "үтіктеу", "теледидар көру", "тоңазытқышта сақтау" сөздік қорларын белсендіру.	Үйге қажетті тұрмыстық техникалардың суреттері: үтік, шаңсорғыш, кір жуғыш машина, тоңазытқыш, теледидар.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Ғажайып сәт. Затты қарапайым сөйлеу құрылымдары арқылы бақылау. "Үшіншісі артық" дидактикалық ойыны. "Сым бойымен ток жүгіріп" сергіту сәті. "Үйдегі көмекшілеріміз" дидактикалық ойыны ("сиқырлы таяқшаны" арқылы). Артикуляциялық жаттығуы. Ойын рефлексиясы.	1	17.02.2023ж

24	"Данаға арналған дастархан". Азық-түліктер.	Ұзақ тілінде "Азық-түлік" тақырыбында сөздерді айтып үйрету, екпіндерді дұрыс қолдану; ойын барысында сұрақтарға жауап бере отырып, қарапайым сөйлемдер құруды, жаңа сөздердің септік жалғауларынан қайталап айтқызу.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, "азық-түліктер", "нан", "сүт", "шұжық", "дәрумендер". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "оның пайдасы зор", "нанды жейді", "сүтті үшеді" сөздік қорларын белсендіру.	Қуыршақ Дана. Нан, шұжық, сүт және тағы басқа өнімдер тұрған сөрелер «Азық - түліктер» деген жазуы бар сурет. Көрсеткіш. Демонстрациялық заттық суреттер: нан, сүт, шұжық. Дана туралы сюжеттік суреттер. Демонстрациялық сурет: үстел үстінде тұрған көкөністер, жемістер, нан, балық, шұжық, сүт, ірімшік (тәттілер жоқ). Вазағадағы шоколадтар бейнеленген сурет. Сергіту сәтіне арналған	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Ғажайып сәт. Қуыршақ Дананы көрсету. Көркем сөз. "Таңмен бірге тұрамын". "Азық-түлік дүкені" дидактикалық ойыны. Сергіту сәті. "Қолымызды жуайық". "Дүкеннен не сатып алды?" жаттығуы. "Жаттамақ" жаттығуы ("Қолымызды жуайық".) Кейіпкермен қоштасу. Рефлексия.	1	24.02.2023ж
----	---	---	--	--	--	--	---	-------------

25	"Жыл құстары".	Қазақ тілінде көктемге тән белгілермен таныстыруды жалғастыру (қар ериді, ағын сулар ағады, құстар ұшып келеді, күн жиі жарқырайды). Балалардың құстар туралы, олардың көктемдегі тіршілігі туралы білімдерін бекіту (олар ұя салады, балапан басып шығарады). Сыртқы түрінің ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту (қауырсын, қанаттар, құйрық, екі аяқ, тұмсық, құстарға тән қимыл-әрекеттер).	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына «ұя», «қарлығаш», «ұзақ», «қараторғай» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорын келесі сөздер мен сөз тіркестері арқылы: «құстар қайтты», «жыл құстары», «ұя салады» белсендіру.	Сурет: суретте көктемгі табиғат аясында, ағаштардың бұтағында отырған ұзақ құсы, аспанда қалықтап жүрген қос қарлығаш, балалар жасаған үйшіктің төбесіне қонып тұрған қараторғайдың суреті. Құстардың дыбысы жазылған аудиожазба. Фланелеграф, жыл құстары мен құстап қалатын құстардың бейнелері. "Қай құс ұшып кетті?" дидактикалық ойынына арналған құстардың суреттері. Әр балаға «Жыл құстарын ажырат» дидактикалық ойынына арналған парақтар (А4 форматтағы қағаздың бетінде жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың суреттері). "Ұяларыңа қоныңдар!" қимыл-қозғалыс ойынына арналған аспалы бейджердің ішіндегі құстардың суреттері.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Шаттық шеңбері: "Қоршаған өмір әлемі". Құстар туралы суреттермен танысу арқылы сөздік жұмысы "Жыл құстарын ажырат" дидактикалық ойыны. "Қай құс ұшып кетті?" дидактикалық ойыны. Сергіту сәті. "Ұяларыңа қоныңдар!" қимыл-қозғалыс ойыны. Артикуляциялық жаттығу. Көктемде ұшып келген құстардың тыныс-тіршілігі туралы бейнеролик көрсету. Ойын рефлексиясы. "Балапандарды ұясына жапсырамыз"	1	03.03.2023ж
----	----------------	--	--	--	--	---	---	-------------

26	"Көрікті көктем". Көктем жыл мезгілі".	Тамшы сияқты табиғат құбылыстары жайында шағын өлең жолдарын қайталауға, анықтап айтуға үйрету; жағымды көңіл-күйлерін білдіруге; қазақ тілін түсінуге, «көктем» сөзін қолдана отырып, қарапайым сөз тіркестерін жасауға, сәйкесінше сын есімдердің жалғауларын өзгерте білуге үйрету.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына «көктем», «тамшылар», «ағын су», «бұлақ» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорын келесі сөздер мен сөз тіркестері арқылы: «көктем келді», «тамшы тамады», «қар ериді», «бұлақтар (ағын сулар) ағады» белсендіру.	Сурет: Көктемнің ханшайымның бейнесі. Көрсеткіш, суретті қарауға арналған «сиқырлы сақина». Аққан бұлақтың дыбысы жазылған аудиожазба. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуенін аудиожазбасы. Көктем мезгіліндегі өзгерістерді бейнелейтін мнемочарткалар. Көктем туралы бейнежазба.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы "Көктем келді" атты суретті көрсету. Көркем сөз. "Сұлу көктем келіп жетті" тақпағын мәнерлеп оқу. "Сиқырлы сақинаның" көмегімен көктем туралы суретті сипаттап, суреттеу. "Көктем келді" суреті бойынша әңгімелесу. Сергіту сәті: "Алақай! Алақай! Көктем келді!" (қимылдар мен артикуляциялық жаттығу). "Көктем туралы бейнеролик көрсету. Ойын рефлексиясы.	1	10.03.2023ж
----	---	--	---	--	--	---	---	-------------

27	"Наурызым, армысың!".	«Наурыз мейрамы» тақырыбына байланысты қазақ тіліндегі сөйлеуді тыңдауға және түсінуге, Наурыз тойының нышандарын білдіретін барлық сөздерді қолдануға, атауға, зат есім мен етістіктен тұратын сөз тіркестерін таңдай білуге үйрету.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу: "ауыл", "Наурыз мейрамы", "Наурыз көже". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "мерекені тойлау", "көже пісіру", "ұлттық ойындар ойнау", "тілек, бата айту" сөздік қорларын белсендіру.	Ойыншық ат, Зере әженің суреті, ауылдың әдемі суреті, аудиожазбалар: "Тұлпарым" әні, "Қаражорға" әні, "Тақия тастамақ" ойынына арналған тақия, текеметтің суреті. Өр балаға арналған қызыл және сары түсті гүлдер.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Шаттық шеңбері. "Күн күлімдеп нұр төкті, бізге жолдап: Сәлем!" Наурыз мерекесі жайында әңгімелесу диалог). "Тұлпарым" әнінің қайырмасын айту. Тағамдар жайында жұмбақтар жасыру. Көркем сөз. "Тілек" (Д. Ақбиев) сөзін мәнерлеп оқу. Жаңылтпаш айту. "Су ішпей, ет жедім". Сергіту сәті. Қазақ халқының ұлттық биі "Қаражорға" биін билету.	1	17.03.2023ж
----	-----------------------	---	--	---	--	---	---	-------------

28	"Бұл менің отбасым. Отбасы мүшелері."	"Отбасы" тақырыбына байланысты қазақ тіліндегі сөйлеуді тыңдауға және түсінуге, отбасы мүшелерін білдіретін барлық сөздерді, сондай-ақ еркелетіп атау формаларын айтуды, қолдану нысандарын атауға, зат есім мен етістіктен тұратын сөз тіркестерін таңдай білуге үйрету аяқталуы.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу: "отбасы", "достар", "ақылды". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "кітап оқиды", "шұлық тоқиды", "түскі ас әзірлейді", "мен көмектесемін" сөздік қорларын белсендіру.	Аланның суреті бейнеленген сурет немесе қуыршақ. Көрсеткіш. Фотосурет: атасы, әжесі, анасы, әкесі, Алан, Дана. Заттық көрнекілік суреттер: атасы, әжесі, әкесі, анасы, ұл бала Алан, қыз бала Дана. Отбасы мүшелерінің іс-әрекеттері бейнеленген суреттер топтамасы. Заттық суреттер (1/2 А4): көзілдірік, қалам, доп, балға, пирамида, кастрөл, тоқуға арналған сымдар мен жіптер, ойыншық машина (көлденеңінен),	"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Ғажайып сәт. Көркем сөз. "Отбасым менің байлығым". "Отбасы портретімен танысу" ауызша жаттығу ("сиқырлы сақинаны" пайдалану). "Шежіре ағашы" дидактикалық ойыны. "Менің отбасым" суретті диктант. "Саусақтар" әнін айту. Кейіпкермен қоштасу. "Әжемнің әлдиі" рефлексиясы.	1	31.03.2023ж
----	---------------------------------------	--	--	---	--	--	---	-------------

29	"Ғарышкер деген кім?".	Қазақ тілінде ғарыш, жұлдыздар, ғарышкерлер, Күн жүйесі планеталарының атаулары туралы элементарлық білімдерін қалыптастыру, балалардың ғарышкер мамандығы туралы білімдерін кеңейту; Қазақстандық алғашқы ғарышкер Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров туралы мәлімет беру.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына «ғаламшар», «ғарыш», «күн жүйесі», «ғарышкер» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорын келесі сөздер мен сөз тіркестері арқылы: «ғарышқа ұшу», «зымыран» белсендіру.	Қуыршақ Дана, Тоқтар Әубәкіровтың А4 форматтағы портреті, зымыран, жер шарының, жұлдызды аспанның суреттері. "Сиқырлы пішіндер" және "Көлеңкесін тап" дидактикалық ойындарына арналған әр балаға әртүрлі, түрлі - түсті пішіндер салынған конверттер.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы. "Шаттық шеңбері" Е. Өтетілеуұлының өлеңін мәнерлеп оқу. Суреттерді көрсетеді. Жер туралы суреттер негізінде әңгімелеу. Т. Молдағалиевтің "Ұшқыш болам" өлеңін мәнерлеп оқу, қайталау. "Біз ғарышкер боламыз!" сергіту сәті. "Сиқырлы пішіндер" дидактикалық ойыны. "Көлеңкесін тап" дидактикалық ойыны. Кейіпкермен қоштасу. "Жұлдызың жансын" рефлексиясы.	1	07.04.2023ж
----	------------------------	---	--	--	---	--	---	-------------

30	"Жайылымда нелер жайылып жүр? Үй жануарлары мен үй құстары".	Үй жануарлары мен құстардың аттарын жатқа білуге, қазақ тіліндегі балаларға арналған тақпақтарды («Көшеде») мұқият тыңдауға, тақпақ-мазақтамақтардың мазмұнын түсінуге, педагогтің үлгісімен жатқа айтуға үйрету, еліктеу сөздерін дұрыс қайталап айтуға, оларды сұрақтарға жауап беруде қолдануға үйрету; төл сөздерді еркелетіп айтылған атауларына сүйене отырып анықтауға үйрету.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына «тақпақ - жаттамақ», «сиыр», «жылқы», «қой», «ешкі» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорын келесі сөздер мен сөз тіркестері арқылы: «далада», «тауық», «қаз», «үйрек» белсендіру.	Ойыншық балапан немесе балапанның суреті. Сиыр, жылқы, қой (ешкінің) дыбыстары жазылған аудиожазба. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш, суретті қарауға арналған "сиқырлы сақина". Үй жануарларының демонстрациялық заттық суреттері: сиыр, жылқы, қой, ешкі.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы. Ғажайып сәт. "Дауысын танысаң, не екенін айт!" сөздік жаттығуы. Көркем сөз. "Үй жануарларының дыбыстарын қайталау" (артикуляциялық жаттығулар, диалогтар). Сергіту сәті: "Шалғынға шықты балалар". Суреттер көрсету. "Көшеде" тақпақ-мазақтамақты мәнерлеп айтқызу. Кейіпкермен қоштасу. Ойын түріндегі рефлексия.	1	14.04.2023ж
31	"Ақ қайың". Ағаштың құрылымы".	Қазақ тіліндегі сөйлеуді қабылдауға, қайың туралы сұрақтарға жауап беруге үйрету; сөздердің аяқталуын кішірейтетін- еркелетуді білдіретін сөз тіркестерін үйлестіре отырып, қазақ тілінде өлең жолдарын анық айтуға, сонымен қатар қимылдарды жолдардағы ырғақпен және әуен ырғағымен үйлестіруге үйрету.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына «ағаш», «гүл», «қайың» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорын келесі сөздер мен сөз тіркестері арқылы: «ақ қайың», «сырға», «бұр», «жапырақ», «көйлек» белсендіру.	Қуыршақ Дана. Заттық демонстрациялық суреттер: қайыңның көлеңкесі, табиғи түстегі қайың. Көрсеткіш. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Шеңбер бойымен айналып билеуге арналған әуеннің аудиожазбасы. Бір жолда қайың бейнесінің үш нұсқасы орналасқан (нақты және қате) тапсырма карталары.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы. Ғажайып сәт. Ақ қайыңды қарау жаттығуы. Көркем сөз. "Ақ айың-ау, ақ қайың" тақпағын мәнерлеп айту. Сергіту сәті: "Ақ қайың" сөздік-ритмикалық жаттығуы. Сурет қарастыру, диалог құру. "Жасырынған жерін тап" дамыту жаттығуы. Кейіпкермен қоштасу. Рефлексия "Қайыңдар айнала билейді".	1	21.04.2023ж

32	"Бұл менің Отаным. Қазақстан".	Қазақ тілінде Қазақстан туралы айтылған сөздерді тыңдап, түсінуге, Отан туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауға, жаңа сөздерді жауаптарда қолдана білуге, Қазақстанның негізгі мемлекеттік рәміздерінің атауын жаттауға үйрету.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына «Қазақстанның туы», «Қазақстанның елтаңбасы», «Отан» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорын келесі сөздер мен сөз тіркестері арқылы: «көгілдір аспан», «алтын күн», «мен Қазақстанды жақсы көремін», «Отан дегеніміз не?» белсендіру.	Аланның суреті немесе ойыншық. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранының аудиожазбасы. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. Демонстрациялық материалдар: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы. «Менің Қазақстаным» бейнеролигі.	"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Ғажайып сәт. Көркем сөз. "Болса да қаншама ел әлемде" тақпағын мәнерлеп оқу. Қазақстан туралы бейнеролик (слайдтар) негізінде Қазақстан туралы әңгімелесу (диалогтар). Сергіту сәті: "Отан деген не екен?" Отан деген не екен?" жаттығу-диалогі. Кейіпкермен қоштасу.	1	28.04.2023ж
----	--------------------------------	--	--	---	--	---	---	-------------

33	"Отаным - бақыт мекенім! Жеңіс күні".	Қазақ тілінде Отан туралы айтылған сөздерді тыңдап, түсінуге, Отан туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауға, жаңа сөздерді жауаптарда қолдана білуге үйрету.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына «Отан», «майдангер», «ардагер» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорын келесі сөздер мен сөз тіркестері арқылы: «аспанды бұлт жаппасын», «тыныштық», «мен атамды құрметтеймін», «Тыныштық дегеніміз не?» белсендіру.	Қуыршақ Дана. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. Демонстрациялық материалдар: Қазақстаннан шыққан әйгілі майдангерлердің суреті, "Жеңіс күніне" арналған парадтың бейнесі. «Соғыстан қайтқан қуаныш сәтінің» бейнеролигі.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы. Ғажайып сәт. Көркем сөз. "Отан" сөзін мен қалай ұғынамын?" тақпағын мәнерлеп оқу. "Ұлы Отан соғысы" тақырыбында слайд материалдарын көрсету. Өңгімелеу. Сөздік жұмысы: майдангер. Сурет бойынша сұрақ-жауаптар ойыны. Сергіту сәті "Соқ дауылпаз!" "Соғыстан қайтқан қуаныш сәтінің" бейнеролигін көрсету.	1	28.04.2023ж
----	---------------------------------------	--	--	---	---	---	---	-------------

34	"Жердің көркі - гүл. Гүлдер әлемінде".	Қазақ тілінде гүлдер туралы айтылған сөздерді тыңдап, түсінуге, табиғат сұлулығы туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауға, жаңа сөздерді жауаптарда қолдана білуге үйрету. Жұмбақты құрастыруда сын есім, салыстыру сөздерін қолдана білуге дағдыландыру. Көктем гүлдерінің аттарын естеріне сақтап бекіту.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына «гүлдер», «бәйшешек», «қызғалдақ», «бақбақ» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорын келесі сөздер мен сөз тіркестері арқылы : «көктемнің алғашқы белгісі», «нәзік гүлдер», «сұлулық», «xoш иіс» белсендіру.	Гүл ханшайымы. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. Демонстрациялық материалдар: бәйшешек, қызғалдақ, бақбақ гүлдерінің суреттері. Жас ерекшеліктеріне сай әр балаға арналып қиылған 4 бөліктен тұратын гүлдің бөліктері.	"Кел, сәлемдесейік!" Ғажайып сәт. Гүлдер туралы суреттер негізінде жаттығуы диалогтары. Көркем сөз. "Көктемнің жаршысы" тақпағын мәнерлеп оқу. Энциклопедиялық мәлімет. "Гүлдер". "Гүл құрастыр" дидактикалық ойыны. Сергіту сәті "Гүлдер". "Шатасқан гүлдер" дамытушы ойыны. Есте сақтау жаттығуы: нақыл сөздер. "Көкті жұлма", "көкті таптама", "жалғыз ағашты кеспе". Кейіпкермен қоштасу.	1	05.05.2023ж
----	---	---	--	---	---	--	---	-------------

35	"Адамдардың көктемгі еңбегі".	Балалардың қазақ тілінде сөйлеу қабілетін дамыту, сын есімдерді зат есіммен үйлестіруге үйрету; адамдардың көктемгі еңбегі, егістік алқабындағы жұмыстар жайында мәлімет беріп, білімдерін бекіту. Жұмбақ шеше білу қабілеттерін, жаңылтпаштарды жаңылмай айта білу дағдыларын қалыптастыру.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына «топырақ», «тұқым», «көшет», «күннің көзі» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорын келесі сөздер мен сөз тіркестері арқылы: «көктемгі егістік», «көктемгі еңбек», «суару», «күтіп - баптау» белсендіру.	Көктемгі егістік науқанының суреттері (рет - ретімен), тұқым, көшет, жемістің суреттері.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы. Ғажайып сәт. Бейнеролик көрсету. Көктемгі егістік науқаны жайындағы қысқаша бейнеролик негізінде қарапайым әңгімелеу. Жұмбақ жасыру. Пияз. Пиязды қарастыру жаттығуы (диалог). "Сиқырлы қоржын" дидактикалық ойыны. "Алдымен не, содан кейін не?" дидактикалық ойыны. Сергіту сәті. "Бізге үлкен бақша бар". Көркем сөз. "Көзім түсті апамның". Есте сақтау жаттығуы:	1	12.05.2023ж
36	" Жайдарлы жаз келді, !".	Қазақ тілінде жаз мезгілі туралы айтылған сөздерді тындап, түсінуге, табиғат сұлулығы туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауға, жаңа сөздерді жауаптарда қолдана білуге үйрету. Сын есім, салыстыру сөздерін қолдана білуге дағдыландыру.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына «гүлдер», «көбелектер», «құмырсқа», «аралар» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорын келесі сөздер мен сөз тіркестері арқылы : «жазғы демалыс», «суда жүзу», «күнге қыздырыну», «серуенге шығу» белсендіру.	"Жаз мезгілі" тақырыбында суреттер, қиылып дайындалған түрлі - түсті көбелектер мен гүлдердің суреттері, қиылған Күннің суреті, ірі модульдер (кесілген ағаштың түбірі, емен ағашы, сұр қоян мен қасқырдың маскасы).	"Кел, сәлемдесейік!" Ғажайып сәт. Жұмбақ жасыру. "Бақ-бақ". Артикуляциялық жаттығу. Көркем сөз. "Жаз келгенде даладан". "Жалғасын тауып, айт" сөздік дидактикалық ойыны. "Жазғы бейне" дидактикалық ойыны. "Өзенде" сергіту сәті. "Болады, болмайды" сөздік дидактикалық ойыны. Жаңылтпаш жаттату. "Жаз келді жайдары". Кейіпкермен қоштасу. Рефлексия. Әңгіме оқу. Ф. Оңғарсынова "Әдемі гүл".	1	19.05.2023ж

	Барлығы:						36 сағат	
--	----------	--	--	--	--	--	----------	--